

#### 4-дәріс. Ғұлама әл-Фараби фәлсафасы

*Дәрістің мақсаты: Қазақ топырағында дүниеге келген ғұлама ойшыл әл-Фарабидің рухани мұрасына талдау жасап, студенттерді негізгі еңбектерімен таныстыру. Әл-Фарабидің фәлсафасын бүгінгі күнмен байланыстыру. Деректі фильмді көрсетіп, әл-Фарабидің еңбектерін оқытып, оған талдау жасау.*

Қазақ жерінде кіндік қаны тамған Әбу Насыр әл-Фараби 870 жылы Фараб (қазіргі Түркістан облысы Отырар ауданында) қаласында дүниеге келіп, бүкіл ғаламға танымал болған ғұлама. Энциклопедиялық білім иесі Бағдатта білімін жетілдіріп, Сирияның Дамаск жерінде дүние салып, сол жерде жерленген.

Ұзақ жылдар бойы Фараби қазақ жұртына танымал бола қоймады. Фараби бабамыздың атын жаңғыртып, қазақ ғылыми қауымдастығына таныстырып, алғаш тыңнан түрен салған белгілі ғалым, геолог, инженер Ақжан әл-Машанидің еңбегі зор.

VIII ғасырларда Отырар, Түркістан қалалары өсіп-өнген мәдени, рухани, сауда-саттықтың, білім, ғылымның орталығына айналған кезі. IX-X ғасырларда өмір сүрген тарихшы, жиһанкез Ибн Хауал жазбаларында Отырар қаласы діни-тарихи және сауда орталығы болғандығы, Отырардағы кітапхана атақты ойшыл, ғұламалардың кеңесіп, сұхбат құратын ғылыми ордасына айналғандығын көреміз.

VIII ғасырларда Фараби бабамыздың туған жері Түркістан, Отырар өңірі қыпшақ-түркі тайпаларының өркендеген орталығына айналып, білім, ғылым, исламның, мәдениет, сауда-саттықтың, қалалық мәдениетінің өсіп-өркендеуіне жол ашты.

«Оңтүстік Қазақстанда, Отырар-Фараб аумағын қоса алғанда, IX-X ғасырларда қала өмірі екпінді дамыған, үлкен құрылыстар жүргізілген, ірі сәулет ансамбльдері құрылып, қолөнер жанданған. Осы аумақтағы қалалардың сауда-саттық байланыстарының арасында Соғды, Мысыр, Индия және Қиыр Шығыстан көптеген көпестер мен саяхатшылар жиналған. Мұнда әлеуметтік және мәдени қарама-қарсылық айқын және қанық болған. Әлбетте, IX-X ғасыр Араб халифатында орын алған әртүрлі элементтердің интеграция процесі және мұсылмандық идеологияның ішіндегі ағымдардың күресі Оңтүстік Қазақстан қалаларының рухани өмірінде көрініс таппауы мүмкін емес еді» деген

тұжырым жасайды (Алтаев Ж. *Әл-Фараби және заманауи Қазақстан философиясы*, Алматы: Қазақ университеті, 2012. – 234 бет).

Отырар дегенде есімізге екі дерек еске түседі, бірі 1218 жылы моңғолдардың қаланы жермен жексен етуі және бұл «Отырар апаты» деген пікір, екінші дерек ол Әмір Темір кезекті жорықтарының бірінде 1405 жылы осы елді, мекенде қаза табады. Отырар кітапханасы туралы да көп айтылады.

Дегенмен, біз білетін Әбу-Насыр әл-Фарабидің білімге құштарлығы, еңбекқорлығы сол кездегі өркениеттің орталығына айналған Бағдат, Бұқара, Дамаск, Каир, Харран сияқты елді-мекендерге бару үшін керуендерге ілесіп сапарға шығады. Араб, парсы, грек, латын, санскрит тілдерін еркін меңгереді.

Фарабидың артында қалған мол мұрасын, еңбектерін зерттеуші өзбек ғалымы, философ Музаффар Хайруллаев әл-Фараби мұрасын зерттеп, 160-тан астам трактат жазғандығын көрсетеді. Олар: «Әріп кітабы», «Талдау кітабы», «Субстанция туралы сөз», «Зандар жайлы кітап», «Логиканың қысқартылған үлкен кітабы», «Философияны меңгеруге дайындық», «Музыка туралы үлкен кітап», «Физика негіздері», «Птолемейдің «Әлмагестіне» түсіндірмелер», «Ғылымдардың жіктелуі жайлы сөз», «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарастары туралы», «Азаматтық саясат», «Бақытқа жету туралы». Сонымен қатар, грек ойшылы Аристотельдің «Метафизика», «Никомах этикасы», «Риторика», «Поэтика», Александр Афродизискийдің «Жан туралы» еңбегіне, Евклид «Бастауларының» еңбектеріне түсініктеме жазған еңбектерінде айтар едік.

Жоғарыда аталған еңбектердің қолжазбалары мен үзінділері біздің елде емес, Каир, Шам, Дамаск, Бейрут, Ыстамбұл, Лейден, Париж, Мадрид, Мюнхен, Парма, Лондон, Тегеран, Нью-Йорк қалаларындағы кітапхана қорларынан табылып, латынша, иврит тілдерінде бірнеше рет аударылып, жарыққа шыққан. Осы трактаттарды ғылыми тұрғыдан зерттеп, әл-Фараби бабамызды Қазақ еліне жақындатуға көп еңбек сіңірген Ислам өркениетінің білімді аудармашысы Доминикус Гандиссалинус, Людвиг Бор, Жерар де Кремен, Гонзалес Паленсия, Ибн Дауд (Авендаут), Гилемус Камерариус, Арльдік Калонимус, Шемтоб бен Йозеф ибн Фалакерасты атап өтер едік. Бұл қолжазбалардың құндылығы өте жоғары. Қазіргі көптеген фарабитанушылар осы ғалымдардың жазып қалдырған еңбектеріне сүйеніп, түсініктеме береді.

Бұның себебі, әл-Фараби бабамыздың толысып, хакімдік деңгейге көтерілген шағы Каир, Дамаск, Бағдат, Шам елді-мекендерінде өткенімен байланыстырамыз. Оған қоса, VIII-XII ғасырлар араб-мұсылман, түркі елдері үшін алтын ғасыр болғандығын тарихшылар айтып келеді.

Әл-Фараби дүниетанымында ислам мен фәлсафа өзара үйлесімде берілген. Фараби бабамыз өзінің еңбектерін Алланың атымен бастайтындығын көрдік. Бұдан шығатын қорытынды, ғұлама Әбу Насыр әл-Фараби Жаратушы барын мойындап, Жаратушы жаратқан дүниелерді зерттеу қажеттілігіне назар аудартады. Ол ғылымды «метафизика» деп атаған. Ақылдың құдіретіне (рационализм) сенген, танымның (гностика) шексіздігіне шек келтірмеген. Фараби еңбектерінің өзгешелігі, ол адам мәселесін бірінші орынға қойған. Адамның бір өзі бақытты өмір сүре алмайды. Сол үшін бірлесіп, өзара ынтымақтастықта өмір сүру үшін қоғам, мемлекет, қаланың қажеттілігін айтқан. Фәлсафа тарихында «бақыт» ұғымына фәлсафалық талдау жасап, адамзаттың бақытты болуы үшін өзінің тұжырымдарын жасаған.

«Әл-Фарабидің этикасының ең жоғары категориясы – бақыт, өйткені басқа бірдеңе үшін емес, тек өзі үшін қажет болатын игілік және ең жоғары игілік осы бақыттың бойына шоғырланған. Атап айтқанда, космология мен этика, жалпы философиялық конструкция және оның практикалық мағынасы осы шеңберде ұштасады, өйткені философия болмайынша, дүниенің жалпы үйлесімін, оның құрылысының сұлулығын ұқпайынша шын бақытқа жетуге болмайды. Бұл дүниеде рахат деп білетініміз басқа дүниеде азапқа айналуы мүмкін ғой» (әл-Фараби. *Әлеуметтік-этикалық трактаттар. Қазақ ССР-нің Ғылым баспасы: Алматы, 1975 – 457/29 бет*)

«Бақыт – әрбір адам ұмтылатын мақсат, өйткені ол белгісіз бір жетілу болып табылады. Мұны түсіндіріп жату сөзді керек етпейді, өйткені бұл – мейлінше белгілі нәрсе. Жетілушіліктің кез келгені адам талпынатын мақсат, өйткені жетілу дегеннің өзі бір игілік және оның өзі, күмән жоқ, адамның қалауы. Адам талпынатын қалаулы игілік ретінде мақсаттардың саны көп болғандықтан, бақыт солардың ішіндегі ең пайдалысы болып табылады» (Бақыт туралы кітап. Таңдамалы трактаттар. Әбу Насыр әл-Фараби. – Алматы, Халықаралық Абай клубы, 2015. – 836/234 бет)

Бақытқа жету үшін адам ең әуелі ғылымды меңгеру керектігіне тоқталып, ғылымды жеңіл қабылдап, санаға сіндіру мақсатында «әдіс» қажеттігін дәлелдеген. Сол мақсатта әл-Фараби өз заманындағы ғылым салаларын жетік меңгеріп, ғылымдардың классификациясын жасаған. Бұл ғылымдағы айтулы революция десе де болады. Ғылымның әр саласында өзінің қолтаңбасын қалдырып, бірнеше фәлсафалық еңбектерін жазған. Ғылым тарихында жинақталған білімді сұрыптап, бір жүйеге келтіру дәстүрі ежелден қалыптасқан. Бұндай үрдіс, бір жағынан ғылымды кемелдендіруге ықпал етсе, екінші жағынан жинақталған білімді түсіндіруге әрі пайдалануға жеңілдеткен әдіс ретінде қолданылған. Әр ғылым саласын меңгеру үшін оның әдіс-тәсілдерін қосымша ретінде жазып, сол ғылымның практикалық қырларына аса мән берген.

#### **4.2. Ғылым мен фәлсафа адамы болуы үшін қажетті шарттар**

Әл-Фарабидің рухани мұрасы бүкіл адамзатқа ортақ құндылық ретінде әлі де зерттеуді қажет етеді. Фарабиден қалған трактаттар ішінде философ қауымдары үшін баға жетпес еңбек, ғалым мен фәлсафашы болғысы келетін маманға қойылатын талаптар жөніндегі еңбегі туралы айтамыз. Әл-Фараби адамзатты білімді болуға, ғылым жолына шақырап, өзі де ғалымдықтың үздік үлгісін көрсетті.

Ойшылдың түсінігі бойынша, ғылым мен фәлсафа адамы болуы үшін қойылатын ең негізгі талап – адамның жаны мен арының тазалығы. Барлық жанға, еліне деген адал махаббаты, ғылым саласына деген шексіз берілгендігін айтады. Олар жоқ болған болса, адам фәлсафаны меңгермейді, біреуге үйретуі де мүмкін емес. Ғалым фәлсафаны екі тұрғыда қарастырып көрсетеді. Теория жүзіндегі фәлсафа – өзгермейтін құбылыстарды, заттарды зерттесе, ал практикалық тұрғыдағы – өзгеріске ене алатын заттарды қарастырады.

Этика (Ахлақ) ғылымы ең әуелі жамандық пен жақсылықты ажырата алуға үйретеді. Соған сәйкес, Фарабидің негізгі ұстанымы, ойы – ізгілік, мейірімділік, адамды құрметтеу, дұрыс тәрбие төңірегінде. Ал, «Бақытқа жол» трактатында бақытты болуға қатысты айырықша мән береді. Адам баласының тіршіліктегі бақыты туралы айтады. Бақыт жолына жету оңай еместігін, өмірде қиындықтар кездесетіндігін айтып жеткізеді.

Айталық, «Музыканың үлкен кітабы» деген еңбегі бүкіл Еуропа ғалымдарының үстелінен түспеген. Аталған еңбек, музыка ғылымына кіріспе, оның негіздері, аспаптар мен композиция деген бөлімдерден тұрады. Ол еңбекте музыка ғылымының негізі жайлы жазады. Күй шығару, түрлі жанрлар, олардың көңілге әсері, сезім, үндестік, табиғи тондар, музыкалық интервал, ырғақ сияқты нәрселерді айтып, теориясын жасаған. Музыка ғылымының алғашқы теоретигі ретінде, тура осы еңбегі латын тіліне аударылып, кең таралғандығы көптеген дерек көздерінде жазылған.

Ғалымның ілімінде мінсіз қоғам мен қаланың құрылымы туралы да айтылады. Әл-Фараби қаланы екіге бөледі.

1. Ізгілікке бағытталған қала.
2. Надандар қаласы.

Ізгілікке бағытталған қалада адамдар бір-біріне көмектесіп, бақытқа жетуге тырысады. Бұндай қаланы кемеліне келіп, толыққан адам денесіне ұқсатады. Қаладағы адамдар да әртүрлі болғанымен, қала басшысына бағынып, бір-бірімен келісіп іс-әрекет жасап, өмір сүреді.

Надан қала – адамшылық жоқ, адасқан қала. Бұндағы адамдар бақыт не екенін білмейді. Олардың мақсаты – байлық, рахатқа бату.

Әл-Фарабидің түсінігі бойынша, «ғылым мен фәлсафа маманы болуы үшін қойылатын ең бірінші талап – адамның жан тазалығы, ар тазалығы, адам-затқа, халқына деген шынайы махаббаты болуы қажет» – дейді.

Әл-Фараби ғылымдағы жетістіктеріне көп жағдайда өзінің білімге құштарлығы мен ерік-жігерінің көмегімен жеткен. Сол тәжірибесімен бөлісу және ғылым мен фәлсафаны меңгеру мақсатында көптеген трактаттар жазып қалдырған. Айталық, «Фәлсафаны үйрену үшін қажетті шарттар жайлы трактат». Бұл шығарманың қазақша аудармасының қысқартылған түрін «Білім және Еңбек» журналының 1962 жылы 1-ші санында Ақжан Машанов ұсынды:

Бұл шығармада философ Аристотельдің ғылымын, философиясын меңгеру үшін қажет болатын тоғыз талап жөніндегі еңбегіне назар аударып, өзіндік ой-тұжырымын дискурсқа салады.

1-ші шарт. Философиялық бағыттардың аты-жөнін білу. Бұл тарауда Фараби «Философиялық бағыттарды тану» жеті нәрседен тұрады:

1. Философиялық бағытқа жетекші болған ұстаздың аты-жөнін білу;
2. Жетекшінің шыққан қаласын білу;
3. Философияға мекен болған орынның аты;
4. Философиялық бағыттың пайда болуының негізгі себебін білу;
5. Философиялық дискурста түскен сұрақтарды білу;
6. Философияның алға қойған мақсаты жөнінде түсініктің болуы;
7. Философияның практикалық мәні, нәтижесін білу.

Философиялық бағыттың негізін салушы ұстаздың есімі бойынша аталған философиялық ағымға «Фупағұрс» (пифагористер) тобы жатады.

2-ші шарт. Ерте замандардағы беделді философтардың трактаттарындағы негізгі идеясын тану. Бұл жерде Фараби Антикалық ойшылдардан қалған логикалық еңбектердің мазмұнын білуді ескертіп отыр.

3-ші шарт. Философ болу үшін қажетті ғылым салаларын білу. Пифагордың ойына қолдау көрсете отырып, философия ғылымын үйрену үшін, алдымен геометрияны білу керек екендігіне назар аудартады.

4-ші шарт. Философия ғылымын үйренудегі мақсатты түсіну. Ол мақсат – жаратқан иені тану. Ол өзі ауыспайтын, өзгермейтін, жалғыз зат. Бүкіл дүниені барлық нәрселердің бәрін барлыққа, болмысқа шығарған – Жаратушы. Жомарттығымен, хикметімен, әділетімен осы әлемге тәртіп беруші Алла тағаланы тану.

5-ші шарт. Философия ғылымына кірісудің төте жолын тану. Ол жол еңбек етуді, ғылымның жүйесіне жетуді мақсат ету. Еңбек ету деген нәрсе ғылымсыз, білімсіз болмайды. Сондықтан, ғылымды, білімді игере білу.

6-шы шарт. Аристотель еңбектеріндегі қолданылған ғылыми ұғымдарды талдай білу.

7-ші шарт. Аристотель өзінің еңбектерін оқыған адамнан терең жұмбақ сырларды шешуді талап еткен себебін білу: «Аристотель еңбектерінде жұмбақ түрінде айтылған түсініктердің сырын ашу.

8-ші шарт. Философ адамның міндеті мен тіршілік ережесінің қалпын түсіну. Ол ереже алдымен өзінің мінез-құлқын түзеуден

басталады. Яғни, сезім тілегі шындық үшін ғана болу керек. Ләззат іздеу, қызығу сияқты нәрселер болмысқа қажет. Рухани негізді түзеу керек. Рухани негіз түзу болса, оның тілегі, қалауы дұрыс болады.

9-шы шарт. Аристотель ілімін үйрену үшін нендей нәрселер мұқтаж екенін білу. Философия ғылымында мұқтаж болатын еңбектерді тану болса, екіншіден сол ғылымның пайдасын түсіну.

Бұл ойларды түйіндеп айта келгенде, әл-Фараби фәлсафаны үйрену үшін ежелгі грек ойшылдарынан бастап, өзіне дейінгі ғалымдардың ой-пікірлерін сарапқа салады да, соңында өз ойларын айтады. Фарабидің пікірінше, ғылым мен фәлсафа адамы болу үшін қойылатын ең 1-ші талап, ол адамның жан тазалығы, ар тазалығы, бүкіл адамға, өз халқына деген таза махаббаты, ғылым мен білімге деген қалтықсыз құштарлығымен берілгендігі. Бұл шарт орындалмаған күнде адам фәлсафаны үйрене алмайды, үйрете де алмайды деп көрсетеді.

«Философияны зерттегісі келетіндер әрекетке және мақсатқа жету жолында талпына берулері тиіс. Әрекетке талпыну білім арқылы жүзеге асады. Өйткені білімнің нәтижесі әрекетке алып келеді. Табиғатты білмейінше, білім арқылы мақсатқа жету мүмкін емес. Өйткені табиғатты білу біздің түсінігімізге жақын» деген сөзінен көп дүниені аңғарамыз. Осы жерде оқырманға 2020 жылы Қазақ университеті баспасынан шыққан «Әбу Насыр әл-Фарабидің ақыл-ой пікірлері мен нақыл сөздері» деген еңбекпен танысуға шақырамыз. Бұл еңбекте әл-Фарабидің бізге жеткен трактаттарынан таңдап алынған ақыл-ой пікірлері мен нақыл сөздері араб, қазақ және орыс тілдерінде топтастырылып берілген. <https://elib.kaznu.kz/book/13621>

Енді Әбу-Насыр әл-Фараби дүниетанымының ерекшелігіне қысқаша тоқталып өтелік.

Біріншіден, әл-Фараби фәлсафа тарихында, жоғарыда айтқандай, Аристотель шығармаларына герменевтикалық талдау жасау арқылы мәлім болған. Демек, ол Аристотельді түпнұсқада оқыған. Олай болмағанда, ол Аристотельді, көне грек философиясын жете меңгеруі мүмкін емес еді. Осындай қорытынды жасауға негіз бар. Әл-Фараби заманында латын тілі әлі де танымал бола қоймаған. Латынның күшеюі католицизмнің дүниеге келуімен байланысты. Латын, араб тіліне қарсы

қолданылған мәдени-тарихи феномен. Латынға дейін зиялы қауым араб тілінде сөйлеген. Оның саяси негізі араб халифатының өмірге келуімен байланысты. Демек, араб ғұламаларына көне грек тілін меңгеру қажет болған. Сондықтан, олар Платон, Аристотельдерді өз тілінде оқып, одан кейін араб тіліне аударып, екінші өмір сыйлады.

Екіншіден, Фараби дін мәселесіне келгенде, Құдай деген идеяны жоққа шығармаған. Ол, Аристотель ілімі негізінде әлемнің алғашқы себебін мойындайды, алғашқы себеп – Құдай. Бірақ, Фараби дүниенің материалдығын да мойындап, оның заңдылықтарын (Жаратушыдан тыс) зерттеуді ғылымның міндеті деп есептеген. Ол, Аристотель сияқты материя мен форма туралы көптеген құнды пікірлер айтқан. Фараби форма – үздіксіз өзгерісте, ал материя – мәңгі деген.

Үшіншіден, таным мәселесіне келсек, Фараби ақыл қуатына сенген. Ол «Ақыл туралы» трактатында адам ақылы Жаратушы құдіретінің бір көрінісі деген. Ғылым, Фарабидің айтуынша, ақылдың нәтижесі, оның екі түрі болады: теориялық және практикалық. Теориялық ғылымдар: логика, табиғаттану ғылымдары, метафизика, практикалық – этика мен саясат кіреді.

Төртіншіден, Фарабидің мемлекет, саясат, қала өмірі туралы «Қайырымды қала тұрғындарының көзқарасы туралы» және «Азаматтық саясат» деген еңбектері де бар. Бұл еңбектерде қала, олардың түрлері, қаланың басшысына қойылатын талаптар, бақытқа жету жолдары, қоғам болып өмір сүру туралы ойларын ортаға салады (*Фарифолла Есім. Фалсафа тарихы. Алматы: Раритет, 304/41 бет*).

### 1.3. Ғылымдардың жіктелуі

Әл-Фарабидің «Ғылымдардың тізбесі» трактаты – Ортағасырлық Батыс Еуропа және Ортағасырлық Араб-мұсылман елдерінің ғалымдарын қызықтырған еңбектердің бірі. Бұл шығарманың негізгі мақсаты – білім теориясын жүйелеу. Яғни, Аристотельден басталған ғылымдарды жіктеу жүйесін меңгеріп, өзіндік исламдық ғылымдардың тізбесін әзірлейді. Енді сол тізбеге назар аударайық:

1.Тіл ғылымдары: бұл бөлімде грамматика, синтаксис көрсетілген.



2. Логика ғылымы: бұл бөлімде Органонның сегіз бөлімі орналасқан.

3. Математика ғылымдары: әл-Фараби оларды «Оқыту бөлімі» деп атаған. Бұл бөлімде арифметика, геометрия, оптика, астрономия, музыка, механика ғылымдарын белгілейді.

4. Физика және Метафизика ғылымдары: бұл бөлімде табиғат және табиғаттан тыс білімдерді қамтитын ғылымдар орналасқан.

5. Мәдени ғылымдар: бұл бөлімде Ағлақ, Саясат, Каноникалық заң, Қалам ғылымдары көрсетілген.

Ғылымдар тізбесінің нақты мақсатын әрбір ғылымнан қандай да бір пайда табу деп көрсеткен әл-Фараби былай дейді: «Осылайша адамдар ғылым арқылы белгілі бір затқа қол жеткізгісі келсе, соқыр тәуекелге салынып, алданбай, керісінше көзі жете отырып, біле отырып қол жеткізуге тырысады. Бұл кітап арқылы ғылымдарды өзара салыстыра отырып, қайсысының жоғары деңгейлі, қайсысының айтарлықтай пайдалы, қайсысының неғұрлым ашық, қайсысының неғұрлым берік, қайсысының неғұрлым мықтылығын, енді бірінің неғұрлым таяздығын немесе неғұрлым әлсіздігін түсіне аламыз» – дейді.

Ал, «мәдени ғылымдар дегеніміз, еркімен жасалған қандайда бір іс-әрекеттердің, олардың пайда болуына себеп болған адамшылық, өнегелі пейілі мен мінезін, әсіресе бұлардың мақсаты мен олардың бір адамның бойында қандай формада болуын, сонымен қатар кезектесу үдерістерінің қажеттілігін зерттейтін ғылым» деп анықтама береді (*Бекір Қ. Әл-Фараби өркениет философы. Алматы: Қазақ университеті, 2016. – 230 бет*)

Егер адам бұл ғылымдардың бірін үйреніп, зерттегісі келсе, ол осы кітаптағының бәрін пайдалана алады, осы арқылы ол неден бастап, нені зерттеу керек екенін, зерттеуіне ненің пайдалы, ненің жеткілікті екенін және өзінің оған қай дәрежеде қол жететінін біле алады, осылайша, оның білімге баратын қадамы надандық пен қараңғылыққа емес, білім мен парасаттылыққа негізделетін болады. Бұл кітап арқылы адам ғылымдарды бір-бірімен салыстырып, қайсысы лайықтырақ, пайдалырақ, қайсысы неғұрлым жетілген, аса мығым және күшті екенін, ал қайсысының дәрменсіз, маңызы аз, тым осалдау екенін біле алады. Соңдай-ақ (бұл кітапты) осы ғылымдардың бірін білемін деп мақтанатын, ал шындығында мұндай емес, яғни, ештеңе білмейтін адамдарды әшкерелеу үшін де пайдаланады. Егер осы адамнан

түгелдей осы ғылым туралы, оның бөлімдері туралы және әр бөлімнің құрамы туралы ақпарат сұраса, ол адам бұл туралы білместік танытады, осылайша оның айтқандарының жалғандығы ашылып, өтірігі әшкереленеді. Сондай-ақ (осы кітаптың арқасында) бұл ғылымдардың қайсысына кімнің жақсы хабардар екені: мұны тұтас біле ме немесе кейбір бөлімдерін біле ме және қандай дәрежеде жақсы білетіні мәлім болады. Бұл кітапты әрбір ғылым саласынан мол білім алуға тырысатын білімді және зерек адамдар да, сондай-ақ өзін ғалым екен деп ойлайтын, ғалымдарға ұқсап бағуды жақсы көретін адамдар да пайдалана алады» – деп жазады.

«Ғылымдардың жіктелуі туралы сөз» атты трактатынан көріп отырғандай, тіл білімін ең бірінші орынға қойған. «Тіл туралы ғылым тұтас алғанда екі бөлімнен тұрады: Біріншісі: қандай да бір халықтың тіліндегі сөздерді есте сақтау және олардың әрқайсысының нені білдіретінінің мағынасын білу. Екіншісі: осы сөздердің заңдылықтарын білу. Ал, заңдар қай өнерде болсын әмбебап, яғни жан-жақты қамтитын пікірлер болып табылады. Әрбір заң сол өнерге қатысты көптеген нәрселерді түгелдей сол өнердің негіздері болып табылатын нәрселердің көпшілігін қамти отырып қарастырады. Бұл заңдар, сол өнерге қатыссыз нәрселер еніп кетпеуі үшін оған, яғни сол өнерге не жататынын белгілеу немесе қателіктерге соқтыруы ықтимал нәрселерді тексеру үшін, немесе сол өнер қамтитын нәрселерді зерттеп, оларды есте сақтауды жеңілдету үшін дайындалған.

Поэтика деген ұғымға да ерекше тоқталып, оны үш бөлімге бөліп талдаған: **бірінші**, жай болсын, күрделі болсын олардың өлеңдерінде қолданылатын өлең өлшемдерінің тізбегі. Сонан соң, арабтарда сабаб және уатад, ал гректерде буын және стопа деп аталатын түрлер мен өлең өлшемдерінен туатын, әліппе әріптерінің өлеңде орналасу тәртібі деп аталады; Сонан кейін өлеңдердің және жартылай өлеңдердің өлшемдерін зерттеу: олардың қанша дыбыстан және қанша буыннан тұратынын; әрбір өлшемде әрбір бейіттің саны қанша екенін анықтау. Сонан соң толық өлшемдердің толық емес өлшемдерден айырмасын және қандай өлшемдер құлаққа жақсы, көркем және жағымды болатынын ажырату.

**Екінші бөлім:** әрбір өлшемде өлең соңындағы ұйқасты қарастырады, бұлардың қайсысында бір ғана форма, ал кейбірінде бірнеше форма бар; бұлардың қайсысы толық, ал қайсысы толымсыз; қандай өлең соңында ұйқас өлеңнің бастан аяғына дейін сақталатын бір

ғана дыбыстан тұрады; ал дастанда қолданылатын сөз соңында ұйқастардың қайсысы бір дыбыстан көп болды; және өлең соңында дыбыс саны ең көп болғанда, қанша болу керек. Осыдан кейін көп дыбысты ұйқастар зерттеледі; бұл дыбыстардың бірін айтылу уақыты жағынан тепе-тең түсетін дыбыстармен ауыстыруға болатыны не болмайтыны түсіндіріледі және егер ауыстыруға болатын болса бұлардың қайсысын осындай дыбыстармен ауыстыруға болатыны қарастырылады.

**Үшінші бөлім:** өлеңдерде қолдануға болғанмен, қара сөзде қолдануға келмейтін сөздерді зерттейді. Тіл туралы ғылымның әрбір бөлімінің мазмұны, міне, осылар (*әл-Фараби. Ғылымдардың жіктелуі туралы сөз. Бейрут – Лубнан: Дар – уа – мактабатұл – хильяль, 1996. – 94/15 бет*).

Соңғы мәдени ғылымдардың мақсаты – адамдардың бақытқа қол жеткізетін практикалық жағына басымдық береді.

Әбу Насыр әл-Фараби ғылымдар классификациясын жасағанда «Тіл білімін» ең бірінші орынға қоюының астарында үлкен мән бар. Қолда бар мәліметтерге сүйенсек, Фараби бұдан басқа «Сөз бен әріп туралы», «Жазу өнері туралы», «Өлеңнің ұйқасы мен өлшемі туралы», «Өлеңнің ырғағы туралы» еңбектер жазғанын атап өтер едім. Тіл туралы ғылымды әл-Фараби екі бөлімге: лексикология және грамматика деп бөледі. Лексикология – халықтың тіліндегі сөздерді еске сақтау және әр сөздің мағынасын ашумен шұғылдануы тиіс. Ал, грамматика – тілдегі сөздерді меңгеретін, бағындырып ұйыстыратын бөлім ретінде қарастырған.

Көріп отырғандай, әл-Фараби ғылымдарды жіктеп, ең бірінші орынға тіл білімін қойған, әдебиет теориясын жасап, қалай мәдениетті сөйлеудің ережесін көрсеткен. Өзі өлең шығарып, оны өзі оқыған белгілі шайыр болғандығы анық. Себебі құранның өзі – поэтика.

«Осы аталмыш трактатта – сыныптамада әл-Фараби заманындағы барлық ғылым салаларына сипаттама берілген. Оның бәрі автор көзқарастарына сай сол ретте біршама тиісті және жалпы қорытынды жасау лайықты деп білеміз.

Ең алдымен, әл-Фараби тіл ғылымының маңызына өте үлкен мән берді және осы ғылымның сыныптамасын бастайды. Бұл тілді формальды түрде тану емес, оның нақты жоғары бағалануы, өйткені барлық ғылымдар тілмес сабақтас. Келесі тілден кейінгі логика – тілмен тұжырымдалады (сөз-тіл). Логикалық ой құрылымын тілдің

грамматикалық құрылысымен салыстырылады (*әл-Машани А. Әл-Фараби және бүгінгі ғылым. Алматы: Ж. Алаш, 2004. – 216 бет*).

Әбу Насыр әл-Фарабидің «ғылымдардың классификациясы, олардың қосымша тараулары мен дәрежелері туралы» атты кітабы алты жүз қырқыншы жылдың игілікті рамадан айының соңғы күндерінде аяқталды. Кітап «Ғылымдардың классификациясы» деп аталады» деп аяқталған (*әл-Фараби. Ғылымдардың жіктелуі туралы сөз. Бейрут – Любнан: Дар – уа – мактабатұл – хильяль, 1996. – 94/15 бет*).

Ғылыми қауымдастықта ғылымдарды класификациялау өте үлкен жауапкершілік пен терең білімді талап етеді. Соған қарағанда, әл-Фараби бабамыз жан-жақты білім иесі екендігін көреміз.